

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

№6 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы
Сағат – 11:00

28 қаңтар 2026 жыл
Сәрсенбі

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылындағы қысқы сессия қорытындысы туралы
(Баяндамашы: Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова);

Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1 2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынсын (Баяндама мазмұны 1-қосымшада тіркелді);

1.2 2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері факультет, кафедра, әр профессор-оқытушы деңгейінде талқыланып, Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестігіне талдау жасалынсын, бағалау саясатына сараптама жүргізілсін (мерзімі 06.02.2026ж. күнге дейін) (Жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары);

1.3 Емтихан түрлері бойынша факультеттерде аралық бақылау, емтихан бағалары талданып, факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясында қарастырылып, хаттамалары сайтқа жариялансын (мерзімі 13.02.2026ж. күнге дейін) (Жауапты: факультет декандары);

1.4 Емтихан түрлері бойынша бағалау медианасына сәйкестігі жекелей талданып, емтихан түрлері бойынша ұсыныстар дайындалсын (мерзімі 17.02.2026ж. күнге дейін) (Жауапты: факультет декандары, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары);

1.5 Академиялық адалдықты бұзу әрекеттерінің саны артқанын ескере отырып барлық курс студенттерімен факультет, курс деңгейінде кездесулер ұйымдастырылып, ақпараттармен бөлісіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін (Орындалу мерзімі 23.02.2026 ж. дейін) (Жауапты: факультет декандары).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева

А.Абибуллаева

